



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

09.04.2025 г.

Астана қаласы

№ 60-нб

город Астана

**«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту
мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ
Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65 – бабы 3-тармағына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 14 наурыздағы № 51-НҚ бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қоғам) Жарғысы 55-тармағының 16) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже мына редакцияда бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 349/ОД бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

3. Қоғам заңда белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға



Б. Жүнісбеков

001020



БҮЙРЫҚ

09.04.2025 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 60-НК

город Астана

**Об утверждении Положения о Совете директоров
АО «Казахстанский центр модернизации
и развития жилищно-коммунального хозяйства» в новой редакции**

В соответствии с пунктом 3 статьи 65 Закона республики Казахстан «О правовых актах», подпунктом 18) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 16) пункта 55 Устава акционерного общества «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства» (далее – Общество), утвержденного приказом Председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 14 марта 2018 года № 51-НК, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Положение о Совете директоров акционерного общества «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства» в редакции, согласно приложению.
2. Признать утратившим силу Положение о Совете директоров акционерного общества «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства», утвержденное приказом Председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства регионального развития Республики Казахстан от 29 ноября 2013 года № 349/ОД.
3. Обществу в установленном законом порядке принять меры, вытекающие из настоящего приказа.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего заместителя председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан.
5. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества и вводится в действие со дня его подписания.

Председатель



Б. Жунисбеков

**«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
Жалғыз акционерінің
2025 жылғы «09» сәуірдегі
№ 60-НҚ шешімімен
бекітілген**

**«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын
жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
ереже**

Астана, 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Директорлар кеңесін құру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды, Директорлар кеңесі қызметінің, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін, оның отырыстарын шақыру және өткізу рәсімдерін, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін белгілейді.

3. Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе Қоғамның Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады.

4. Директорлар кеңесінің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері Қоғамның Басқармасы, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті сипатқа ие.

5. Директорлар кеңесінің қызметі парасаттылық, адалдық, тиімділік және жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін максималды сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

6. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Директорлар кеңесінің құзыреті

7. Егер заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның Даму жоспарын бекіту, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

- 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Қоғамның Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысы мөлшерін және олардың сыйақы шарттарын айқындау;
- 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- 17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 18) ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
- 19) Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы есепті бекіту;
- 20) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;
- 21) Қоғамның саясатын бекіту;

22) Қоғам қызметкерлерінің жалпы штат санын бекіту;

23) Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерін, олардың нысаналы мәндерін және қажет болған жағдайда оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есепті бекіту;

24) Директорлар кеңесінің бекітуіне жататын Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттардың тізбесін бекіту;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында және (немесе) Жалғыз акционер бекіткен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

8. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

9. Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

3. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

10. Директорлар кеңесінің мүшесі өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты (құжаттар мен материалдарды) Қоғамнан сұратуға, Қоғамның барлық ішкі құжаттарымен танысуға, Жалғыз акционердің шешімдерімен, Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, оның ішінде сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдермен, Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесі Комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қорытындыларымен танысуға, олардың көшірмелерін алуға;

2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына ол отырыстардың жұмысына қатысқан не күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір жіберген жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін енгізуді талап етуге;

3) Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің отырысына ұсынылатын күн тәртібі бар жазбаша өтініш жіберу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға, оның ішінде күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге;

5) Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) сыйақы алуға (егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінде жұмыс істегені үшін сыйақы алған жағдайда), сондай-ақ оның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеуге;

7) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ерекше пікір енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның ережелерімен және ішкі құжаттарымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

11. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысына, Ережесіне және ішкі құжаттарына сәйкес адалдық, ақпараттылық, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесі үшін әрекет етуге;

2) Директорлар кеңесінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз құқықтары мен құзыреті шегінде әрекет етуге;

3) Қоғамның Жалғыз акционері, органдары мен лауазымды тұлғалары (Қоғам қызметкерлері) арасында туындайтын корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу үшін шаралар қабылдауға;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) оның комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен алдын ала танысуға, қажет болған жағдайда қажетті ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыруға, өз қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

5) қарастырылып отырған мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айтуға;

6) егер Қоғамның өзге ішкі құжаттарында неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымында болу мерзімі ішінде және Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымында болу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде Қоғам туралы құпия ақпаратты жария етпеуге және жеке мүддесі үшін немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауға;

7) Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына қатысуға;

8) Директорлар кеңесінің отырысына қатысудың мүмкін еместігі туралы Корпоративтік хатшыға себептерін көрсете отырып, алдын ала хабарлауға;

9) қаралатын мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) толық көлемде зерделеуге;

10) Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Төрағасының тапсырмаларын орындауға;

11) өзі сайланған Директорлар кеңесі комитеттерінің бетпе-бет тәртіпте өтетін отырыстарына және жұмысына қатысуға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру үшін өзінің жазбаша пікірлері мен бюллетеньдерін ұсынуға;

12) Қоғамның Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге;

13) шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді және ықтимал теріс салдарларды бағалауға;

14) үлестену пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер беруге;

15) оның мүдделері (немесе онымен байланысты тұлғалар) мен Қоғам мүдделері арасында қақтығыс туындауына әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін жағдайларға жол бермеуге, ал туындаған жағдайда Директорлар кеңесіне мүдделер қақтығысының болуы туралы дереу хабарлауға;

16) осындай мүдделіліктің негізін көрсете отырып, оны мүдделі тұлға деп тануға болатын болжамды мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына дереу жеткізуге;

17) Қоғамның белгіленген тәртіппен бекітілген Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының көрсеткіштеріне және Қоғам тиімділігінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуіне мониторингті және бағалауды, сондай-ақ тиісті шаралар қабылдауды тұрақты негізде жүзеге асыруға;

18) өзінің жеке мүддесі бар мәселелер бойынша дауыс беруден бас тартуға. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшесі өз жеке мүддесінің бар екендігін және оның пайда болу негіздерін Директорлар кеңесіне дереу ашып көрсетуге;

19) ақпаратты Қоғамның назарына жеткізуге:

- негізгі жұмыс орнын өзгерту туралы (заңды тұлғаның толық атауын, заңды мекенжайын көрсете отырып) және атқаратын лауазымы, басқа қосымша атқаратын лауазымдары туралы;

- паспорттық деректердің (құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан бергені), азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірінің өзгеруі туралы;

- пошта мекенжайын, электрондық пошта жәшігін, байланыс телефонын өзгерту туралы;

- заңды тұлғалар акцияларының (қатысу үлестерінің) болуы не болмауы туралы мәліметтердің өзгеруі туралы;

20) Директорлар кеңесінің оны басқа заңды тұлғаның органдарына сайлау мүмкіндігі туралы келісімін алуға;

21) Қоғамның қауіпсіздік режиміне және құпия ақпаратының сақталуына байланысты Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген барлық қағидалар мен процедураларды сақтауға;

22) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғаммен байланысты мәмілелердегі, жобалардағы кез-келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін үлестенудің туындауы және басқа да мән-жайлар туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына дереу жазбаша хабарлауға;

23) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

12. Тәуелсіз директор осы Ереженің 26-тармағында көрсетілген тәуелсіз директордың критерийлеріне сәйкестігін жоғалтуға әкеп соғатын іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға міндетті. Мұндай әрекеттер жасалған жағдайда, сондай-ақ тәуелсіздік критерийлеріне сәйкессіздіктің туындауына әкеп соққан мән-жайлар туындаған жағдайда, ол екі жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерге бұл туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

13. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген Қоғам мен Жалғыз акционер алдында олардың әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғам шеккен залалдар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауапты болады:

1) Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын бөлігінде Жалғыз акционердің шешімдерін орындамау не тиісінше орындамау;

2) жаңылыстыратын ақпарат немесе әдейі жалған ақпарат беру;

3) Заңда белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу;

4) Қоғамның залалдарға ұшырауына себеп болған ірі мәмілелерді жасауға немесе жасалуы үшін шешімдер қабылдауға қатысты ұсыныстар және (немесе) мәмілелер, оның ішінде бұл мәмілелерді жасаудағы өздерінің немесе үлестес тұлғаларының пайда табу мақсатында Қоғамның мүдделеріне қайшы әрекет жасау және (немесе) әрекетсіздік таныту салдарынан туындаған зияндар.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен көзделген жағдайларда, Жалғыз акционердің ірі мәміле жасау және (немесе) мәміле жасауға туралы шешім қабылдауы, бұл мәмілелерде мүдделілік бар болса, оны жүзеге асыруға ұсыныс жасаған немесе Директорлар кеңесі мүшелері тарапынан адал емес әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік танытқан жағдайда, оның немесе оның үлестес тұлғаларының пайда табу мақсатында болса да, Қоғамға залал келтірген жағдайда Директорлар кеңесі мүшесін жауапкершіліктен босатпайды.

14. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғамға келтірген зиянды немесе залалды өтету туралы, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің және (немесе) оның үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер жасауға (жасауға ұсыныс жасауға) және (немесе) мүдделілік бар мәмілелерді жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауы нәтижесінде алынған пайдасын (табыстарын) Қоғамға қайтару туралы, егер Директорлар кеңесінің мүшесі адал емес әрекет етіп және (немесе) әрекетсіздік танытқан болса және бұл Қоғамға залал келтірген болса талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде өзінің атынан Директорлар кеңесінің мүшесіне және (немесе) үшінші тұлғаға Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасалған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалды Қоғамға өтеу туралы, егер бұл мәміле жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде аталған Директорлар кеңесінің мүшесі үшінші тұлғамен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына қайшы әрекет еткен болса талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға мен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамға осындай залалдарды өтету кезінде Қоғамның алдындағы ортақтас борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Мәміле жасауға мүдделі және оны орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәмілені жасасуға ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшесі, егер ол Қоғамның не Жалғыз

акционердің залалдарына әкеп соққан Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауаптылықтан босатылады.

5. Директорлар кеңесінің құрамы, өкілеттік мерзімі, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және өкілеттігін тоқтату тәртібі

15. Директорлар кеңесінің сан құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

16. Директорлар кеңесінің төрағасы мен өзге де мүшелері Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

17. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады. Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері Жалғыз акционердің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

18. Басқарма мүшелері, оның Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайланбайды. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

19. Тәуелсіз директорларды іріктеу, сыйақы төлеу және шығындарды өтеу Жалғыз акционердің шешімдеріне, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

21. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жаңа Директорлар кеңесінің мүшесі үш ай ішінде сайлануы (тағайындалуы) қажет, осы уақытта жаңа сайланған Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері барлық Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктері аяқталған уақытта аяқталады.

22. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

23. Директорлар кеңесі жалғыз акционерге директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынып, егер ол жыл ішінде себепсіз түрде отырыстарға елу пайыздан аз қатысса және (немесе) қашықтықтан дауыс беру кезінде қойылған сұрақтардың елу пайызынан азына толтырылған бюллетеньдер ұсынса, осы ұсынысты жасауға құқылы.

24. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеуге қойылатын мынадай талаптарды басшылыққа алады:

1) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің кандидатқа деген сенімі;

2) кандидаттың мінсіз беделі;

3) кандидаттың кәсіби білімі мен біліктілігі, оған Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделеріне сай келетін салмақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді;

4) кемінде үш жыл басшылық жұмыс тәжірибесінің болуы.

25. Тәуелсіз директор ретінде сайланатын тұлға:

1) Қоғамның үлестес тұлғасы болмайтын және оның сайлануына дейінгі үш жылда үлестес тұлға болмаған адам болып табылады (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайын қоспағанда);

2) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

3) Қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе Қоғамның үлестес тұлғалары ұйымдармен бағынушылықпен байланысты емес;

4) мемлекеттік қызметші емес;

5) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды;

6) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде төленетін сыйақыдан басқа, Қоғамнан қосымша сыйақы алмайды;

7) Жалғыз акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының өкілі болып табылмайды;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан болмаған және болмайтын тұлға.

26. Директорлар кеңесіне мүше ретінде сайлануға болмайтын тұлға:

- жоғары білімі жоқ;

- Қоғаммен бәсекелес атқарушы органның қатысушысы, басшысы, басқару органының мүшесі немесе заңды тұлғаның қызметкері болып табылатын;

- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

- бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органның бірінші басшысы, басқа заңды тұлғаның бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға, акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде;

Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

6. Директорлар кеңесінің төрағасы

27. Директорлар кеңесін Төраға басқарады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады (тағайындалады). Директорлар кеңесі Төрағасының өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер айқындайды.

28. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

29. Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшелеріне талқыланатын мәселелер бойынша өз пікірлерін еркін білдіру принципін ұстанады, келісілген шешім табуға, Директорлар кеңесінің мүшелері арасында консенсусқа қол жеткізуге ықпал етеді, сондай-ақ Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесіне сай шешімдер қабылдауға жәрдемдеседі.

30. Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде жалғыз акционер мен директорлар кеңесінің мүшелерінің сеніміне ие, мінсіз іскерлік беделі мен басшы лауазымдарында жұмыс тәжірибесі бар, адалдық пен принципшілдік сияқты қасиеттерге ие тұлға сайлануға тиіс.

31. Жалғыз акционер кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

32. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, сондай-ақ сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімдер қабылдайды;
- 4) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады және оның талқылауларға және Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қояды;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша неғұрлым тиімді шешімдер әзірлеуді ұйымдастырады;
- 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етуге жауапты. Бұл ретте Басқарма осындай ақпаратты беруге міндетті, ал Директорлар кеңесінің мүшелері қажет болған жағдайларда түсіндірме немесе түсініктеме беруді талап ете алады;
- 7) Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу барысында Директорлар кеңесінің көзқарасын білдіреді;
- 8) Жалғыз акционермен Қоғамның даму стратегиясын талқылауды қамтамасыз етеді;
- 9) Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын қамтамасыз етеді;
- 10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

33. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің отырысқа қатысатын мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша Директорлар кеңесі

мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Бұл ретте Директорлар кеңесі Төрағасының функцияларын Басқарма Төрағасы жүзеге асыра алмайды.

7. Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау

34. Директорлар кеңесі жыл сайын рационалдылық, тиімділік және тұрақтылық принциптерін негізге ала отырып, алдағы жылға арналған отырыстарды өткізу кестесімен өз жұмысының жоспарын жасайды.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары Директорлар кеңесінің шешімімен жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

35. Директорлар кеңесінің отырыстары жоспарлы және кезектен тыс болуы мүмкін. Директорлар кеңесінің жоспарлы отырыстары Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма Төрағасының ұсыныстарына сәйкес қалыптастырылатын Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспары негізінде кемінде төрт аптада бір рет өткізіледі.

36. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

8. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру тәртібі

37. Директорлар кеңесінің жоспарлы отырыстарын Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасы шақырады, кезектен тыс отырыстар Директорлар кеңесінің немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша не талап бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) Қоғамның Ішкі аудит қызметтері;
- 4) Жалғыз акционер.

38. Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыру туралы бастамашының талаптары Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына бастамашының қолы қойылған жазбаша түрде, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мен басқа қажетті ақпаратты қамтитын хабарлама арқылы және материалдарды алу күнін белгілеу мүмкін болатын кез келген қолжетімді байланыс құралдарының көмегімен ұсынылады.

39. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам Директорлар кеңесін шақырудан бас тартуға құқылы, егер:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап осы Ережеге сәйкес келмесе;
- 2) талап қойған тұлғаның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқығы жоқ;
- 3) егер күн тәртібіндегі ұсынылған мәселелер Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпаса.

40. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы келіп түскен талапты қарауға және бастамашыға қабылданған

шешім туралы хабарламаны талап түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жолдауға міндетті.

41. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты өткізу түрін белгілеуге құқылы.

42. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырудан бас тартқан жағдайда, шақыруды бастамалаушы Қоғамның Басқармасына Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыру туралы талаппен жүгінуге құқылы. Бұл ретте, шақыру туралы келіп түскен күн Қоғамдағы хат-хабарларды тіркеуге жауапты құрылымдық бөлімшеге бастамашының жазбаша өтінішінің тіркелген күні болып табылады.

43. Директорлар кеңесінің отырысын (бетпе-бет және сырттай) шақыру туралы хабарламаны Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге (сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау күніне) дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

44. Директорлар кеңесін шақыру туралы хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) отырысты өткізу күні, орны және уақыты;
- 2) отырысты өткізу түрі (бетпе-бет, сырттай).

Хабарламаға міндетті түрде қоса беріледі:

1) отырыстың күн тәртібі;
2) мазмұнға қойылатын келесі талаптарға сәйкес келетін түсіндірме жазбалар:

- шығарылған мәселенің мәні;
- мәселені шығарудың негізі мен қажеттілігі (нормативтік құқықтық актілерге, Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің шешімдеріне, Қоғамның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сілтеме жасай отырып);
- Басқарма Төрағасының, сондай-ақ Директорлар кеңесі Комитеттерінің (бар болған жағдайда) шығарылатын мәселені алдын ала мақұлдау туралы шешімдері көрсетіледі;
- егер шешім қабылдау қаржылық шығындарға әкеп соқтырса, олар бойынша Қоғамның бекітілген бюджетіне сілтеме жасай отырып негіздемелер ұсынылады;

- қосымшалар болған кезде қосымшадағы парақтардың саны көрсетіледі;

3) құжаттардың жобалары;

4) Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары;

5) Қоғамның мөрімен расталған Басқарма шешімдерінен үзінді көшірмелер (қажет болған жағдайда);

6) қажет болған жағдайда өзге де құжаттар (презентациялар, мемлекеттік органдардың немесе заңды тұлғалардың хаттарының көшірмелері, салыстырмалы кестелер және т. б.).

Директорлар кеңесі шешімдерінің түсіндірме жазбасы мен жобаларына Қоғамның Басқарма Төрағасы және қажет болған жағдайда Қоғамның басқа тұлғалары (Басқарма Төрағасының қалауы бойынша) қол қоюға тиіс.

45. Отырысты өткізу туралы хабарлама, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолма-қол немесе

Директорлар кеңесі мүшелерінің келісімі бойынша олар үшін ыңғайлы өзге де тәсілмен жіберіледі.

46. Директорлар кеңесінің отырысы шақыруды талап еткен тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

47. Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауы үшін қажетті барлық ақпаратты қамтуы тиіс, оның ішінде әрбір мәселенің қысқаша сипаттамасы, қажет болған жағдайда оның Қоғам үшін экономикалық (қаржылық) маңыздылығын ашып көрсету, сондай-ақ шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда мүмкін болатын пайда (зиян).

Егер Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді қарау барысында шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат немесе материалдар қажет болған жағдайда, Корпоративтік хатшы оларды Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелері мен Басқармасының тарапынан ұсыну үшін шаралар қабылдайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін көлемде ақпарат беруге жауапты болады.

48. Егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Басқарма мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, осы мәселе бойынша материалдарда кандидаттың тиісті лауазымға тағайындалуға жазбаша келісімі және оның түйіндемесі ұсынылады. Жазбаша келісім болмаған кезде кандидат Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі қатысады және тиісті лауазымға орналасуға ауызша түрде келісім береді.

49. Күн тәртібі бойынша материалдардың соңғы дайындығы мен таратылуын, Директорлар кеңесі отырыстарына қатысушылардың қатысуын және тіркеуін, конференц-залды дайындауды, телефон байланысымен қамтамасыз етуді (егер отырыс аралас форматта өткізілсе), жазу құралдарымен қамтамасыз етуді және басқа да ұйымдастыру шараларын Корпоративтік хатшы Қоғамның ақпараттық технологиялар мен әкімшілік-шаруашылық қызметіне жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі отырыстарының материалдары мен хаттамалары басымдыққа ие болып табылады, бұл дегеніміз, аталған құжаттар алдымен Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен дайындалып және (немесе) келісіледі. Отырыстың күн тәртібінен басқа материалдарды Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелері Корпоративтік хатшыға отырыс өткізілетін күткен күннен кемінде 15 (он бес) жұмыс күн бұрын ұсынылады. Қажетті материалдар көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда және (немесе) олар дұрыс емес түрде ұсынылған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді.

50. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум кемінде Директорлар кеңесінің мүшелерінің кемінде жартысын құрауы тиіс, бұл конференц-байланыс (Директорлар кеңесінің мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде бір мезгілде сөйлесуі), басқа байланыс құралдарын қолдану және Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстарын ескере отырып) қоса алғанда есептеледі.

51. Директорлар кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

52. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

53. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

54. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне, сондай-ақ дауыс беру құқығын өзге тұлғаға беруіне тыйым салынады.

55. Директорлар кеңесінің шешімдері Занда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, отырысқа қатысқан немесе сырттай дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстарды санау кезінде, сондай-ақ отырысты өткізу кезінде қатыспағандардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары, сондай-ақ отырысқа қатысушының бір-бірін естіп және сөйлесуіне мүмкіндік беретін конференц-байланыс немесе өзге де байланыс құралдары арқылы отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары ескеріледі.

56. Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім, оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлардан басқа барлық мүшелері осындай мәмілені жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәміле жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

57. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу дауыс берудің нақты түрін таңдауды негіздей отырып, дауыс берудің тікелей немесе сырттай түрінде көзделеді.

58. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі түрі де біріктірілуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелерінің (30 % - дан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмайтын жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және Директорлар кеңесінің отырысы (дауыс берудің аралас түрі) өткізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей өз пікірін жазбаша түрде беруге тиіс.

59. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу түрі туралы шешімді Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

60. Директорлар кеңесі отырыстарының бетпе-бет түрі ретінде Қоғамның ең маңызды, түйінді, стратегиялық мәселесі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау кезінде ең тиімді және орынды болады.

61. Бетпе-бет түрі Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға жеке қатысуы арқылы, сондай-ақ отырысқа қатысушының бір-бірін естуіп және сөйлесуіне мүмкіндік беретін конференц-байланыс немесе өзге де байланыс құралдары арқылы іске асырылады. Осылайша қатысатын тұлға отырысқа жеке қатысушы ретінде есептеледі және Жарғыға сәйкес дауыс беру және қворумда

есепке алу құқығына ие болады.

62. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға оның Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама (пікір) беруге құқылы.

Жазбаша хабарлама (пікір) келесілерді қамтуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесінің пікірі айтылатын күн тәртібі;
- 3) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша нақты айқындалған ұстаным;
- 4) Директорлар кеңесі мүшесінің қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәліметтер.

Егер жазбаша пікірде Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібінің бір мәселесі бойынша дауыс берудің (Қолдап, Қарсы, Қалыс қалудың) мүмкін болатын нұсқаларының бірін көрсетпеген жағдайда, онда мұндай жазбаша пікір Директорлар кеңесінің отырысында есепке алынбайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беруге қатыспаған болып есептеледі.

63. Жазбаша хабарламаны (пікірді) Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің Төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін кез келген қолжетімді байланыс тәсілімен ұсынуға тиіс.

64. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған, осы Ереженің 61-тармағының шарттары сақталған жазбаша хабарлама (пікір) кворумды есептеу және дауыс беру нәтижелерін шығару кезінде есепке алынады және отырыс хаттамасына тіркеледі.

65. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспары негізінде қалыптастырады.

66. Күн тәртібін бекіту отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

